

1. 2 тақырып. Тоталитарлық жүйенің қалыптасуы және саяси қуғын-сүргіннің орын алуы.

2. Лекцияның мақсаты мен міндеттері: Кеңес үкіметінде тоталитарлық жүйенің орнауын және мемлекеттің ішкі-сыртқы саясатын баяндау. Тоталитарлық басқару жүйесінің қоғам өміріне әсерін айқындау.

3. Лекция мазмұны. Тоталитаризм (лат. *totalis* – тұтастай, түгелдей) – деспотизмнің бір түрі. Тоталитаризм орнаған мемлекетте қоғам өмірінің барлық саласы биліктің бақылауында болып, адам бостандығы мен конституциялық құқықтары жойылады, оппозиция мен өзге саяси ой өкілдері саяси қуғын-сүргінге ұшыратылады. Тоталитаризмнің тарихи үлгілері КСРО-да Сталин, Қытайда Мао Цзэ дун, Солтүстік Кореяда Ким Ир Сен режимі кезінде, фашистік Италия мен Горманияда орнады. 1) қоғамның, жеке адамдардың өмірін деспоттық, авторитарлық - бюрократиялық мемлекеттің күшімен басқаратын қоғамдық-саяси құрылыс. Тоталитарлы саяси жүйе ең сорақы түрі - фашистік тәртіп; 2) саяси ой-жүйедегі тоталитарлық тәртіпті атқарушы бағыт. Барлық тоталитарлық жүйелердің ортақ 8 белгісі бар: бюрократияның бір партия арқылы саяси, экономикалық, әскери және идеол. үстемдік жүргізуі; саясиленген иерархиялық әлеуметтік құрылыс; міндетті түрде қолына жоғарғы саяси, экономикалық, әскери және идеологиялық билік шоғырланған көсемнің болуы; қуыршақ парламенттің болуы; қоғамды қорқынышта және толық бағыныштылықта ұстау мақсатымен қуғын-сүргін науқанын жүргізіп тұратын қуатты қуғындау-жазалау органы; әскерилендірілген экономика, ішкі саясаттың әскери-өндірістік кешенге тәуелділігі; мәжбүрлеуші идеологияның болуы, оған мойынсұнбау ауыр қылмыс ретінде бағалануы; қоғамда жау бейнесінің қалыптастырылуы, сол жауға деген жек көрушілік режимнің мақсатына жету жолында бұқараның жұмылуына себепші болады.

Тоталитарлы саяси жүйе - мемлекеттің қоғамға және жеке адамға толықтай, тұтас бақылау орнатуымен сипатталатын саяси жүйенің бір түрі. Оған тән ерекше белгілер: азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының барынша бұзылуы; барлық деңгейдегі биліктің жоғарыдан тағайындалуы; билік бөлінісі принципінің жойылуы, яғни, биліктің барлық - атқарушы, заңшығарушы, сот тармақтарының тұтасып кетуі; басында көсемі бар бір ғана билеуші партияның болуы және оның мемлекетпен тұтасып кетуі; басқа партиялардың және ұйымдардың қызметінің ресми "қозғалыс" қызметімен алмастырылуы; қоғамның барлық мүшелеріне бір ресми идеологиялық доктринаның таңылуы; тек қана мемлекеттік нысандағы бұқаралық ақпарат құралдарының болуы, қандай да болмасын ақпараттың қатаң "сүзгіден" өткізілуі; үздіксіз әрі тұтастай зорлыққа негізделген мемлекеттік ұйымдасқан лаңкестік.

Осындай жағдайда саяси өмірде біртіндеп мемлекет аппаратын алмастыра бастаған коммунистік партияның үстемдігі мен авторитарлық биліктің күшею тенденциясы өсе түсті. Қазақстанда автономияның жариялануы сөз жүзінде қалып, республика өзін-өзі іс жүзінде толық

басқаруға қол жеткізе алмады. Өнеркәсіп орындары, темір жолдар, республиканың халық шаруашылығына қатысы бар нәрселердің бәрі Мәскеудің тікелей басқаруында болды. Демократияға жат сайлау заңдары қазақтардың басшылық қызметтердегі санын шектеп отырды. 1920 жылы қазақтар барлық өнеркәсіп жұмысшыларының бар-жоғы 17%-ын құрады. Бірінші облыстық партия конференциясының 163 делегатының тек 19-ы ғана қазақ болса, 1922 жылы Қазақстан партия ұйымдарындағы қазақтардың жалпы саны бар-жоғы 6,3%-ға ғана жетті.

Кеңестер Одағында Тоталитаризм орныққан 1920-1930 ж. байлар мен кулактарды тап ретінде жою шаралары және ауыл шаруашылығын коллективтендіру саясаты жүзеге асырылып, қазақ халқы алапат ашаршылық пен босқыншылықты бастан кешті. Кеңестік Тоталитаризм ұлттық зиялы қауым өкілдерінің бір бөлігін өзіндік саяси ұстанымдарына орай “тап жаулары”, “жат пікірдегілер” және “әлеуметтік қауіпті элементтер” ретінде кудалады.

4. Оқытудың техникалық құралдары: глоссарий, слайдтар, презентациялар, электрондық оқулық, жазбаша, ауызша сұрау

5. Лекцияның оқыту әдістері мен түрлері: проблемалық сұрақтар, дамыта оқыту технологиясы

6. Әртүрлі күрделілік деңгейдегі тапсырмалар (1-деңгей, 2-деңгей, 3-деңгей сұрақтарымен беріледі)

1-деңгейдің сұрақтары

1. Тоталитаризм ұғымы және Кеңес үкіметінде тоталитарлық жүйенің орнауы.н талқылаңыз
2. Қазақстан тоталитарлық жүйенің орнығуын айқындаңыз.
3. Жаппай саяси-қуғын сүргіннің өріс алуы.н қарастырыңыз.

2-деңгейдің сұрақтары

1. Кеңес өкіметінің Қазақстанда жүргізген саясаты.
2. Қазақ зиялыларының азаттық жолындағы күрестеріне баға беріңіз
3. Жаппай саяси қуғын-сүргіннің кең ауқымда өріс алу себептері мен зардаптары.

3-деңгейдің сұрақтары

1. Тоталитарлы саяси жүйесін бағалаңыз
2. Кеңес үкіметінде тоталитарлық жүйенің орнауы.н талқылаңыз
3. Жаппай саяси қуғын-сүргіннің тарихнамасына баға беріңіз

7. МӨЖ және ОБМӨЖ тапсырмалары: Тоталитаризм ұғымы және Кеңес үкіметінде тоталитарлық жүйенің орнауын талқылаңыз

8. Пайдаланылатын әдебиеттер:

1. «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998
2. Нурпейісов К. Алаш һәм Алашорда. А., 1995.
3. Козыбаев М., Алдажуманов К. Тоталитарный социализм: реальность и последствия. А., 1997.
4. Адамбеков Б.К. XX ғасырдағы Ресей империясы, Кеңес мемлекеті және ТМД тарихы: Оқу құралы. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2005. -344 бет.

5. Кан Г.В., Шаяхметов Н.У., Қазақстан тарихы. Оқулық. – Алматы: «Алматы кітап баспасы», 2009. – 264 бет